

**Ыбырайқызы Г.,**

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің I курс PhD докторанты,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kyrenbel@gmail.com

## **О. БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ САРЫҢДАР**

Оралхан Бөкей шығармашылығындағы айқын бір арна – адамның ортадан шеттеу, жатсыну, жалғыздық күйін шынайы, иланымды бейнелеудегі өзіндік қаламгерлік ұстаным, беталыс бағыты. Түптеп келгенде, бұл тұрғыда кеңіте зерттеуді қажет етіп жатқан мәселелер бар. Оралхан кейіпкерлері жалғыз жүргенімен жатбауыр емес, ортадан баз кешіп, жан баласын керек қылмай кеткен кісіліктер де емес. Олардың жалғыздығы – жағдай тудырған сырттай жалғыздық. Мақалада О. Бөкейдің «Атау кере» шығармасы герменевтикалық аспектіде қарастырылған. Көбіне көп тұспал, жасырын, ишара, меңзеу, жұмбақтап айту үлгілерінде берілген бұл туындыда автор адамның түпкі құпияларына батыл бару еркіндігін дарытуда елеулі еңбек жасаған. Аталмыш шығармада жалпыадамзаттық қасірет көлеңкесі, XX ғасырдағы өктем жүйе жұтқан қайырсыз жылдар өксігі, ұлттық сенделіс-дағдарыс, ұлы дүниенің тұтас құдіретіне қапысыз ынтығу серпіндері анықталды.

**Түйін сөздер:** ұлттық мүдде, ұлттық рух, жалғыздық, рухани дағдарыс.

Ybyraikyzy G.,

doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kyrenbel@gmail.com

### **Hermeneutical motives in the work of Oralhan Bokei «Atau kere»**

One of the obvious directions in the work of Oralhan Bokei is the ability to clearly reproduce the state of a person's soul, when he is ousted from society, alienated, lonely. In the end, in this context, there are problems that require extensive research. Oralhan's heroes although lonely, but they are not like those to whom they are not needed, that is, they are not strangers who are wandering around humanity. They are loneliness, because it's extrinsic factors, that is, in captivity they are alone in this world. In the article O. Bokei's work «Atau kere» is considered in the hermeneutical aspect. In this work, which is largely part of a multitude of hidden designs, gestures, hints and ridiculous examples, the author made a lot of efforts to get the freedom to boldly go and achieve the deepest secrets of a person. In this work there is a shadow of the universal tragedy of mankind, the destructive heat of the 20th century, the scope of the national crisis and the impetuous rush of a great power.

**Key words:** national interest, national soul, loneliness, spiritual crisis.

Ыбырайқызы Г.,

докторант PhD I курса Казахского национального университета  
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kyrenbel@gmail.com

### **Герменевтические мотивы в произведении Оралхана Бокея «Атау кере»**

Одно из явных направлений в творчестве Оралхана Бокея – умение четко воспроизводить состояние души человека при вытеснении из общества, отчуждение, одиночество. В конце концов в этом контексте есть проблемы, требующие обширных исследований. Герои Оралхана хотя и одиноки, но они не как те, кому они и не нужны, то есть они не чужие, которые сторонятся человечества. Их одиночество образовалось из-за внешних факторов, то есть по неволе они одиноки в этом мире. В статье произведение О. Бокея «Атау кере» рассматривается

в герменевтическом аспекте. В этом произведении, которое в значительной степени является частью множества скрытых замыслов, жестов, намеков и нелепых примеров, автор приложил немало усилий, чтобы получить свободу смело идти и достигнуть глубочайших секретов человека. В этой работе есть тень всеобщей трагедии человечества, разрушительная жара 20-го века, размах национального кризиса и стремительный порыв великой державы.

**Ключевые слова:** национальный интерес, национальный дух, одиночество, духовный кризис.

## Кіріспе

Герменевтика – филология ғылымының ежелден келе жатқан мәселелерінің бірі. Ол көркем мәтінді терең түсінудің әдісі болып табылады. Ф. Шлейермахер, В. Дильтей, Г. Гадамердің еңбектерінде герменевтика мәселесіне байланысты ой-тұжырымдар нақты сараланған. «Мәтінді «алдын ала ұғу» немесе «түсінбеу» деген құбылыстардың өзі әдеби шығарманы түсінудің логикалық сатылары екенін қайта-қайта еске салатын герменевтиканың негізгі қағидаларын білген жөн. Қазіргі кездегі герменевтикалық теориялар мәтіндегі жасырын, құпия ишара, меңзеу түріндегі көркем ақпаратты танудың жолдарын қарастыруда. Автордың ойлау жүйесіндегі мифтік сананың, ұжымдық сананың, архетиптердің, әрқилы иррационал образдардың табиғатын зерттеуге деген қызығушылық басым» (Есембеков, 2015: 162). Осы тұрғыдан ойымызды өрбітсек, адам баласының жаратылыс жұмбағынан туындап, күні бүгінге дейін шешімін таппаған, табылуы мүмкін де емес жан жүйе болмысының ұлы құпияларына ынтыға үңілген Оралхан Бөкей – ой айтуға бейім жазушы. Қаламгердің оңаша күн кешетін кейіпкерлері ұдайы ой қамауында жүретіндігі иланымды. Өз кеудесін күйдірген өткір әлеуметтік, адамгершілік проблемаларды жазушы кісікиіктеу табиғатымен дараланып отыратын кейіпкерлер шоғырында солардың іс-әрекет, ой-пайым, дүниетаным иірімдерінде көтеріп, қозғап отырды. Жазушы көкसेген жан тазалығын, ар тазалығын, маңдай термен нан табудың мехнат-рақатын, ұлттық мүдделер, ұлттық рух идеясын оның әрқилы тағдыр, әр қалыпты ғұмыр кешіп жатқан кейіпкерлері өмірлік мұрат еткен.

«Атау кередегі» Нюра кемпірдің жалғыздық күйі – қарт адамның өмір көшінің соңындағы тына бастаған қалпымен де, баласы Еріктің қалауымен болған ортадан жырақтау жағдайымен де, тіпті қала берді, қаншама жерден қазақтың от анасы болғанымен де, діл, орта, арғы негіздер тұрғысынан да қылаң беруі тиіс жалғыздығы.

Нюра характерін шынайы шындауда жетіспей жатқан да нышандар бар. Тым қазақша ойланып, қазақша күйзелуі, қазақша мінез қалпы соншалықты иландыра да бермейді.

Нюра – науқас адам. Төсек тартып жатыр. Көбіне жалғыз қалады. Ондайда ой қамайды. Өткен-кеткен есіне түседі. Өткен өмір дегені «көппен көрген ұлы той» – сонау бір жылдардағы төңкерістің, ақ пен қызылдың, кәмпеске, ашаршылықтың заманы. Адамзатқа тажал болған соғыстың естелігі. Нюра кемпірдің ойы бітпейді. Ұзақ тарихты түгендеп шығады. Жазушы осы тәсілімен белгілі бір кезең, уақыттардың жалпы мінезін, қоғам, заман құрсауындағы адамдар мінезін ашады.

Заманның екпіні қатты уақыттарда да адамшылығын сақтап қалғандар өмір атты ұлы көшті үзіліп қалудан сақтауға септігін тигізгендер. Нюраның бітпейтін, таусылмайтын ойларынан арғы мен бергі, Алтайдың ой-қырын мекен еткен адам мінездері, кесек тұлғалар болмысы орын табады.

## Талдау

«Атау кереде» жазушы Нюра кемпірдің ішкі ойларымен заманның мың құбылған аярлығын, құбылған заман бұзған адам баласының азғантай, мардымсыз бірденелерді малданып, ақырындап, асқақтап барша адамның абыройдан жұрдай болар бақытсыздығын жекелеген кейіпкер әрекеттері арқылы ашуға ден қойған.

Нюраның қыр соңынан қалмай қойған Шолақ қол да – заман тудырған адамның шынайы кейпі.

««Шынымызды айтсақ қайтеді» деген тәуекелге бел байлаған мезетте, ауылдың аш құрсақ итін шулатып Шолақ қол келіп үлгереді. Амал жоқ, алдынан шығып, қарсы алды. Аттан адамша емес, оң аяғын ердің алдыңғы қасынан асырып, шабандоз баладай секіріп түскен нәшәндік:

«Қондысыңдар ғой өздерің, не жеп семірдіңдер? – деді қамшысын сапиян етігінің қонышына тыға сөйлеп.

– «Өлмегенге өлі балық» деген, жолдас бастық, колхоз не берсе, соны талшық етеміз, – деп жауап берді Көкен.

– Есеп-қисаптан жырым-шеттіктейді деген сигнал бар. Істеп жүрген жерінен тістеп жүретін қазақтың ежелгі әдегі. Сені де тексеру керек. Екі қатынды, екі баланы асырайтын азық қайдан келді саған.

– Тексеріңдер.

– Көрші ауылдағы бригадирдің қалай ұсталғанын, қалай сотталғанын білесің бе?

– Естімеппін, – деді Көкен.

– Ондайда құлағың керең бола қалады. Ат-тонын ала қашып танып болмаған соң, баласының тезегін тексеріп келіп жібергенде ішінен бидай шықты, – деп қарқылдап күлді. – Ал енді сендер бара тұрыңдар, Нюра Фадеевнамен оңаша сырласып көремін» (Бөкей, 2013: 128).

Нюрадан дәмелі осы бір кемтар адамның жан күйіне жазушы жаны да ашып қарайтындай. Адамның осалдығы да, әлсіздігі де – барлығымызға ортақ күй ғой дегендей ойлар қамайды оқушыны.

«Қақ маңдайдан ұрдың-ау, аспан көз қатын. Қайтейін сені, қайтейін, жалғандағы жалғыз қуанышымнан айырдың, абыройымды айрандай төктің, жігерімді құм қылдың, жігіттігімді қорладың, аяулы сезімімді аяқ асты еттің. Енді қайтіп ашуланбаймын, енді қайтіп елді қан қақсатпаймын, айтшы өзің... Жазығым не, жазығым жар қызығын көрейін дегенім бе?

Нюра таңғалды. Шолақ қол бетін қос алақанымен басып алып, әйелдерше ал кеп солқылдап жыласын. Басқа-басқа да, дәл осындай оқыс қылық, босаң көңіл күтпеген еді әрі оған тас емен жүрегі жылып, жаны ашыған» (Бөкей, 2013: 128).

«Атау кере» повесіндегі өнімді көркемдік тәсілдің бірі – Оралхан Бөкейдің қаламына, оңтайлы әдеби шешім – психологиялық талдау. Жазушы Нюра кемпірдің ішкі ойлары арқылы тұтас бір дәуірдің қайшылықты өмір ағысында арпалысқан адам образдарын ашу амалдарына жол табады.

Нюра кемпірдің ішкі ойында қырланып, даралана түсетін бейненің бірі – баласы Еріктің образы.

«Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым-тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ-ты»; «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы ісмер-ді. Бірақ...»

Нюра кемпірдің әкесі – орыс ұлтының өкілі. Заманында байлық жасап, жалшы жұмсаған бақуатты жан.

«Атау кере» бұдан ара туралы айтумен қоса бұдан адамның да болмысын көлденең тартады.

Еріктің бойындағы суықтау бірбеткейлік, әкесі Қандауырға тартпаған жатбауырлық...

Оның жабайы сонаға айналып кеткендігі туралы жазушы жайдан-жай айтпас еді. Қай туындысында да тұспал, ишара, меңзеу «Атау кереде» де жеке адамдар тағдыры мен қоғам, заманалар тарихындағы сабақтас айқын нышандар, зауал мен зардап, қайырсыз, қайтарымсыз қаттылыққа асыққан адамзаттың ақырзаманы туралы да ой желісін түрлі астастырулар аңғарында баяндаған.

Көркемдеудегі ой ағыны арқылы қасында мың қаралы адам жүрсе де жападан жалғыз қалған жалаңаш тағдыр жанның күйін жеткізуге Оралхан Бөкейдің қаламгерлік, суреткерлік әлуеті әбден жетеді. «Атау кередегі» екі баланы жеке тәрбиелеп өсіріп жатқан шал – шындық өмірде болуы екіталай тұспал бейне. Символдық астарда бұзылып бара жатқан қоғамдық-әлеуметтік өмір ортасын жатсыну, қаны таза ұлттық болмыс дара, жалпыадамзаттық ізгілік, игілік өресіндегі жақсы адамды сақтап қалу.

«Ұлымның аты – Қозы, қызымның есімі – Баян, ырымдап әдейі қойдым, – деді ақсақал әңгімеге ықылас білдіріп. – Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсын дегенім.

– Шынымды айтсам, ағасы, сіздің осы әрекетіңізге түсінбей отырмын. Не үшін? Жаман айтпай жақсы жоқ, ешкім де мың жасай алмайды...

– Өліп кетсең, екі бала кәмелетке толмай далада қалады деген уайымың шығар. – Айтшы, шырақ, маған қанша жас бересің?

– Шамамен... – деп, ойланды Таған. – Кем дегенде жетпіске жақындап қалдыңыз.

– Сақалым мен шашымның ағына қарап ажыратсаң, солай, әрине. Нақтысы – 1924 жылғымын, демек, елу сегіздемін. Енді бір он бес жылсыз өлімнің дұзағына іліне қоймаспын деген сенім бар. Ендеше менің екі балам ол кезде бірі бой жетеді, екіншісі ер жетеді, яғни жиырманың үстіне келеді деген сөз... Одан ары менің керегім жоқ, өз күндерін өздері көреді, атамекеннің атпал азаматы болады.

– Қызық екен... ертектегідей... бәрібір түпкі мақсатыңыз тұманды. Елдің ішінде отырып ер жеткізсеңіз кім таршылық жасар еді. Обал ғой, аға, обал...

– Бүгінде ел қалды ма? – деп саумалады шал. – «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген... Егер мен елден қашсам, баламның саудайы қылық, арзан қызықтан таза өссін дегенім.

– Ағайыннан көңіліңіз қалған-ау. Әйтпесе Үлкен Жердегінің бәрі ақымақ дегенге кім сенер. Рас, көпшіліктің ортасында жүріп те жалғызсырайсың, ондай ауыр сәт өз басымда да болған. Бірақ айналайын халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да, ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле – қала, өсек- жаладан ... меңдуана жегендей желіктірер әуен мен әумесер қылар айғай шудан да алып кашып отырмын.

– Адамзаттың өмірі Алтайдан басталған деуші еді, әрі жазушы, әрі тарихшы бір досым. Соның сөзін бәлкім, сіз дәлелдеп шығарсыз, – деп күлді Таған. – Сонда қалай, екеуін үйлендіресіз бе?

– Дәм жазса, ондай ойым жоқ емес» (Бөкей, 2013: 176).

### Талқылау

«Атау кереде» бір шоғыр жан ортадан оқшауланып өмір кешіп жүр. Әрқайсысының өзіндік себебі бар. Шығармадағы орталық кейіпкердің бірі – Таған. Таған бейнесінде жазушы XX ғасырдың белгілі бір кезеңінде – тоқырау жылдары тұсында бел алып, орнығып қалған зардапты жайларды айыптайды. Ар тазалығы, жан тазалығы тапталған адамгершілік құндылықтар сақталмаған қоғамда Адам қанша жерден дарынды, адал, ақ болса да тығырықтан шықпай, аяусыз жан азабының қыспағында күн кешетінін меңзейді. Жазушы Оралхан Бөкейдің жылдар бойы Адамға жақын жүрген, Адам тұлғасының күрделі күйлерін болжаған, оның мұңы мен шаттығына ортақтасып отырған қаламгерлік жолындағы көркемдік табысының бірі – Таған образы. Бұл – мейлінше реалистік бейне. Жас адамның қалыптасу жолында етектен тартып, еңсесін түсірер, алған бағытынан адастырар кедергілер дендеп кеткен дәуірдің ащы шындығымен суарылған осы Таған образы...

Ешкімге қылдай қиянаты жоқ, білімді, алғыр, адал жас адам – Таған айықпас дерт – маскүнемдікке түсті. Жүрек қан жылайтын, күйзелетін ауыр күй. Ақиқат. Кеңестік кезеңнің бейбіт бір күндерде бел алып кеткен ауыр кесепаты.

Алтай – ата-бабаның алтын ұясы. – Қайран, Алтай – сол Алтай – сол Алтайдың аяулы адамдары Тағанды да айықпас кеселден біртіндеп арылтады. Жазушы жас адамның арылу, таза-

ру жолын шынайы, шым-шымдап баяндайды. Тағанға бала күнгі досы Ерік қай пиғылмен болса да қол созған.

Нюра кемпір мен Айнаның адамшылықтан озбаған ықылас, пейілі де дертке дауа, таптырмас ем болғаны рас. Жазушы шығарманың көркемдік желісіндегі мәнді арқау – маскүнем Тағанның жұмбақ тағдырын біртіндеп-біртіндеп ашады.

Оралхан Бөкей өзінің жазу машығындағы оңтайлы көркемдік тәсілдің бірі – ой ағынын пайдаланған. Бір жұтым сыраға үздігіп, өң мен түсті айыра алмай есалаң болып қалған, әйтеуір кеудесінде жан бар тірі өлік Тағанның сырын жазушы көпке шейін жасырып отырады. Бұл – маскүнем адамның болмысына орайластырылған шынайы өмірлік жағдайлардан туындаған мығым логика.

Біртіндеп жаны тазара бастаған, ара-тұра табиғат тылсымымен тыныстап, дүниеге енді көз ашқан сәбидей таң тамаша қалып қарай бастаған Таған енді өзінің кім екенін, өткен оқиғаларды, бұл күйге қалай тап болғанын ойлай бастайды. Ойлана бастайды. Ол ойланбастан бұрын автор өзі кең толғап, арғы-бергідегі атамекен тағдырын, ұлт жайын, оның қазір тығырыққа түсіп, тыпыр ете алмай қалған халін жорналшы Оралхан Бөкейдің алымды мақамымен публицистикалық сарында көсіп-көсіп, шындықтың бетін біліп отырып баяндап, жүректі қапаландырған, қамаған ойларын төгіп-төгіп алады.

Бір қызығы, бір қарағанда өзі іш тарта бермейтін кейіпкері Еріктің ойымен де бірталай шындықты жеткізеді. Соған қарағанда Ерік те тұра қашатындай тұғырсыз бейне емес. Еңбектің адамы. Бірақ ой-өрісі сараңдау көптің бірі.

Жазушы өз кейіпкерлерін жалғыз-жарым алып, шокитып қана көрсетуден, бәріне жазықты етіп жерден алып, жерге салып айыптаудан аулақ. Әңгіме жалпыадамзаттық ауқымға ойысып кетіп отырады. Шындықтың төркіні қайда екені меңзеледі.

«Ол ойлағандай, дүниенің бәрі құрыған, тіршілік қуарған, су суалған жоқ еді. ... Табиғаттың ең ақылды да саналы түлегі болып есептелетін Адам, ең бір аңқау да ақымағы еді. БІЗДІҢ ақымақтығымызды Жаратқанның басқабасқа мүшелері – жанды, жансыз күн-түн, жыл-жыл, ғасыр-ғасыр сайын көзге шұқып, көрсетіп жатса да, жан кешті айқас пен айға шабар арынмыздан арылған емеспіз. Түп атамыз түркіден бермен түсін де, үнін де өзгертпей, мәңгіліктің қыл қобызы секілді Алтайды күйге бөлеген

Қатын өзені-ақ Біздің бейшара тірлігіміздің мазақшысы емес пе. Енді... енді ол қаһарлы Қатынға қылбұрау түсіп, дәл бауыздауынан бөгең ГРЭС салмақ. Бұл хабардан осы өңірдің өр кеудесін жайлаған қазақтар хабарсыз еді. Өйткені жоспаршылар жойқын құрылыс саларда жергілікті халықпен ешқашан санасқан, ақылдасып, кеңескен емес. Есептемейді де, есептесе, есептен жаңылады. Алтайдың қос бұрымы бар десек, бірі мынау Қатын суы болса, екіншісі Бұқтырма болатын. Сол жарықтық Бұқтырманы бұрқатып бөгерде де сөйткен, тұрғылықты жұртшылықтан рұқсат сұраған емес, ал енді сол бөгесіннен пайда болған жасанды теңіздің астында не қалмады: атамекен, бабалардың бейіті, екі ауданның егістік жері қалды. Тәңірім-ау, толайым тарихымыз су астында қалды! Кәне осы сорақылықтан дүниенің қылшығы қисайғаны?! Өне, Қатынға да қауіп төнді. Асыл Қатын бұғауланбақ» (Бөкей, 2013: 190).

Жазушы Алтайдың сұлулығына сұқтана түскен санасы біртіндеп қайта жаңғырып, «адам болып» келе жатқан Таған таудағы Шал үйінен қайтарда осы бір ой тасқынын сел құйғандай төпелеп, өз уақытының көкейкесті, өзекті күйлерін төгіп-төгіп айтып алады да, әңгіме бағытын алаңсыз бір рахат күйге ойысқандай, жан түкпірін түрткілеген дүниелер бас көтере бастаған Тағанға қайта бұрады.

Табиғатқа еміне қарап, жігіт жан рахатына кенелгендей бір күйге түскен. Газет оқып, радио тындамағанына қаншама уақыт болды. Осының өзі дұрыс па деп ойлады. Төрткүл дүниенің дүбіріне алаңдамайсың, дүрбелеңнен шошымайсың. Оңаша бір тыныштық. Ерік те бірдеңе білгеннен осылай жүр-ау. Денсаулық үшін де тау арасының оқшаулығы жақсы екен... дегендей ойлар баурайды Тағанды.

Баяғы біз көргеннен ойсыз, қамсыз маскүнем Таған енді арғы-бергіні ой елегінен өткізе бастайды. Оның жаны сауығып келе жатқанын жазушы ұтымды оқиға өрбіту, ой логикасы арқылы ашқан. Таған біртіндеп, күрделі кесек тұлғаға айнала бастайды. Ол ел қамын ойлаған азамат екен. Оның мұңы тіпті де жеке бастың қызығын қуалаған тар мүдденің мұңы емес екен. Таған – ұлы мұраттармен ұшқыр ғұмыр кешкен, тағдырлы, тарихы бай ұлтының ұлы. Жалпы адамзаттық ауқымдағы, әлем әдебиетіндегі әсершіл, әуес, әрекетті жас адамдардың өмір бұраландарындағы жан-күйі ашылған озық туындылардағы орталық кейіпкерлермен қандас, туыс тұлға. XIX ғасырда, одан бұрын да Батыс, орыс әдебиетінде қатар түзген қайшылықты өмір

ағысында малтыған жас адамдар образының ортасына қосылуға қақылы бейненің бірі деуімізге де болады.

«Әлі есінде, Алтай тарихына қатысты, яғни онда мекендеген уранхайлықтар туралы бір кітапты оқып отырып, көзі қарауытып, басы айналып кеткені. Қан қысымы көтерілді ме, неге екені белгісіз көпке дейін ес-ақылын жия алмады. «В 1862 году десять семейств уйманских раскольников (река Уйман – один из двух истоков – реки Катунь. Долина ее издавна заселена была раскольниками) вышли в Улукемскую степь и обосновались на р. Урон...» деген сөйлемдерден солтүстік Алтайдың, яғни Россия құрамындағы Алтайдың тарихын танығандай болған. Әрі қарай құмарта оқып келе жатып: «В деле русской колонизаций Криссанского края, роль искателей «Беловодья» имели выдающееся значение деген тұсқа келгенде, өз ауданындағы Ақсу – Беловодья аталар ауыл есіне түскен. Сол жерді қоныстанған кержақтар тарихын танып, түп-төркініне үңілгендей болған. Ал енді «Вся история России представляет из себя картинку постепенного продвижения славянского племени на восток и ассимиляции им менее культурных народностей...» дегенін қалай түсінуге болады?

Совет өкіметі орнаған тұста жазылған, басылған бұл кітаптың әр ұлттың өз ерекшелігі мен тілін, ділін, генетикасын сақтау керекке саятын лениндік методологияға қайшы емес пе? Оны былай қойғанда, «Земля тому – кто ее отработываеттың» кері емес пе? Ой айтудағы концептуалдық қателік әрқашан да ұлт наразылығын тудырамын ескере бермейтініміз, әлбетте, өз нәтижесін, қайғылы нәтижесін бермей қоймайды. Міне, Тағанның қан қысымын көтерген де осына тұжырымдар еді. Ендеше тарихты терең білген сайын, денсаулықтан айырыласың» (Бөкей, 2013: 191).

### Қорытынды

Оралхан Бөкей «Атау кере» повесінде бірнеше әлеуметтік өзекті күйді арқау етеді. Арғы тарих та, адамның ар алдындағы жауапкершілігі де, белгілі бір кезеңнің саяси, шаруашылық ахуалы да, жалпы адамзаттық адамсүйгіштік аңсар да – барлығы қосақабат тау арасындағы оқшау өмірдің ішті қазандай қайнатып жатқан өкініш, үміт, өтірік пен шындық, жақсы мен жаман, ақ пен қара араласқан өмірінің фонында айтылып ашылады. Жазушы көзбен көріп, жанымен сезініп отырған өз уақытының рухани

дағдарыстарына, қазақ үшін қайырсыз болған қасіретті тұстарына қайырылып отырып, тау арасындағы оқшау өміріне дән риза омарташы Еріктің, оның сұлу да, сырлы келіншегі Айнаның

анасы Нюраның, кездейсоқ келіп қосылған кешегі ержігіт – бүгінгі еңсесі түскен Тағанның тағдыр сырлары, әрекет, аңсарлары ауқымында көркемдік кеңістікке алып шыққан.

#### **Әдебиеттер**

Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестер. 2-том. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.  
Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. –186 б.

#### **References**

Bokei O. (2013) Chyarmalary. Roman, povester. [Works. The novel, novels.] 2 tom. Almaty: El-chezhire, 2013. 384 b.  
Esembekov T.W. (2015) Korkem matin teoriasy. [Theory of Art Text.] Almati': Qazaq wni''versi''teti, 2015. 186 b.